

**Баспасөз хабарламасы**

Нұр-Сұлтан қ., 10 қаңтар 2022 жыл

**«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнайды тасымалдау қалыпты режимде жүргізіліп жатқанын хабарлайды**

Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай режимінде «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі штаттық режимде жұмыс жасауда. Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарына және экспорт бағыттарында мұнай тасымалдау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекіткен кестеге сәйкес жүзеге асырылуда. Ресей мұнайын Қытайға транзиттеу де тұрақты жүзеге асырылып жатыр.

Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай режимінде «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің денсаулығы мен өміріне, сондай-ақ өндірістік объектілері мен мүлкіне зиян келтірілген жоқ.

«МұнайТас» ЖШС, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС өндірістік объектілері тұрақты режимде жұмыс істеп тұр.

**Анықтама үшін:**

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ҚР ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді. Мына бағыттар бойынша қазақстандық мұнай өндіру зауыттарына және экспортқа мұнай тасымалдайды: «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесі, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС жүйесіне аустырып тиеу («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры), Ақтау порты (танкерге мұнай құю), «Каспий Құбыры Консорциумы» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу, «Шағыр» МҚП және Т. Қасымов атындағы МАС-та темір жол цистерналарына мұнай құю. «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілері Қазақстанның Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Қызылорда, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында орналасқан.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС – «Кеңқияқ-Құмкөл» және «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын иеленетін «ҚазТрансОйл» АҚ (50%) және China National Oil and Gas Exploration and Development Company Ltd. (50%) бірлескен кәсіпорны.

«МұнайТас» ЖШС – «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырын жобалау, қаржыландыру, салу және пайдалану мақсатында құрылған «ҚазТрансОйл» АҚ (51%) және CNPC Exploration and Development Company Ltd (49%) бірлескен кәсіпорны.

«ҚазТрансОйл» АҚ «Магистральдық Суағызғы» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін иеленеді. «Магистральдық Суағызғы» ЖШС «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық сутартқышының меншікті иесі болып табылады.

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс және  
ішкі коммуникациялар департаменті**